

Г.Б. Нұрсейтова, Д.Р. Қорғасбеков

ӨНДІРІС САЛАЛАРЫНЫҢ ИНОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Нарықтық экономикадағы ғылыми жұмыстар нәтижелерін пайдалану мүмкіншіліктерінің мол болуы «инновация» деген экономикалық және жалпы ғылыми категорияны өмірге әкелді. Қоғамдық қатынастарда пайда болған бұл түсінік – «жаңалық енгізу» деген техникалық мағынаны білдіретін «инновация» сөзімен атала бастады. «Инновациялық қызмет туралы» заңның түсініктерге арналған 1-бабы бойынша, «инновация – жаңа немесе жетілдірілген өнім, жаңа немесе жетілдірген техникалық прогресс, жаңа ұйымдастырушылық-техникалық, қаржылық-экономикалық немесе басқа да өнеркәсіп немесе қоғамды басқару салаларына прогресивті ықпал ететін әр түрлі қоғамдық қатынастар салаларындағы шешімдер ретінде жүзеге асырылынған, инновациялық қызмет нәтижелері». Жалпы инноватика теориясының қалыптасуы - Й.Шумпетер теориясынан басталады. 1920 жылдары Австриялық ғалым И.Шумпетер өзінің «Экономикалық өсу теориясы» еңбегінде экономикалық теория ғылымдырында алғаш рет инновация түсінігіне көңіл аударды. Оның айтуынша экономикалық тұрақтылықты жаңашыл кәсіпкерлер бұзады. Бұл кәсіпкерлер рынокқа жаңа өнім әкеліп, басқа кәсіпкерлерді бәсекеге шақырады. Әр кәсіпкер бәсекеге қабілетті болу үшін, өз тарапынан басқа да сұранысқа ие болатын жаңа өнімдер ойлап шығаруға мәжбүр болады [1].

Қазіргі кездегі мемлекеттік дамудың заманауи деңгейі өнеркәсіптік өндірістің бәсекеге қабілеттілігін анықтауға жаңа талаптар қоя бастады. Өңдеуші саланы дамытатын және өндіріс саласының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылататын, тұтыну нарығында бәсекеге қабілетті болатын өнімдерді әрдайым енгізіп тұру қажеттілігі туындады. Бұл үрдіс – инновациялық өнім шығару мен қызмет түрлерін ұсыну мақсатында, ғылыми ұйымдар мен өндірістік кәсіпорындар арасында қарым-қатынасты ұйымдастыруды және болашақта стратегиялық жоспарлауды қажет етеді.

Инновациялық даму ерекшеліктерінің негізінде оны басқа баламалардан ажырататын базалық қағидаларын анықтап алу керек. Өндірістік саланың инновациялық дамуының негізін қалайтын қағидаларына жататындар:

- 1) Өзгерістердің тұрақтылығы;
- 2) Өзін-өзі дамыту;
- 3) Мақсаттық бағдарлану.

Өзгерістердің тұрақтылық қағидасы өндіріс саласындағы жаңа бағыттардың құлдырауы мен қалыптасуына ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық экономикалық қатынастардың, материалдық-техникалық және технологиялық базаның қалыптасуына негізделеді. Тұрақты қалыптасудың сатылы өзгерістер механизмі саланың бәсекеге қабілеттілік деңгейін және жаңа жағдайға бейімделуін қамтамасыз етеді.


Өзін-өзі дамыту қағидасы – инновациялардың қалыптасу механизміне және қоғамдық сұраныстың белсенді қарым-қатынасына сүйенеді. Инновациялар қоғамдық сұранысты қанағаттандырудың негізі болып, прогресивті өндірісті қалыптастырады. Инновацияларды коммерцияландыру – белгілі бір сұранысты қанағаттандыруға және өз кезегінде жоғары деңгейлі сұранысты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олардың пайда болуы әлемдік және отандық нарықта салалардың бәсекелестік басымдықтарын қамтамасыз етеді, жаңа идеяларды іздеуге серпіліс береді. Бұл қағидаға сүйену, өнеркәсіп салаларының өзін-өзі дамытуы мен өзара қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.

Мақсаттық бағдарлану қағидасын жүзеге асыру үрдісінде өзгерістердің тұрақтылық қағидасы мен өзін-өзі дамыту қағидасы өзара қарым-қатынас жасайды. Тұрғындардың әлауқатын көтеретін, экономикалық өсу қарқынын жоғарылататын, инновациялық дамудың критеріі ретінде анықталады. Қарастырылған қағидалар жиынтығы инновациялық даму үрдістерін жүйелі түрде қарауды көздейді және өндіріс салаларының қызмет етуінің тиімділігін анықтайды, сонымен қатар саланың даму бағытын анықтайды және қоғамдық сектордағы өзгерістермен өндірістік сектордағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді [2].

Салалық дамытуды басқарудың заманауи технологиясы көрсеткендей, басқару тек қана қарым-қатынас сипаты және басқару функциясымен ғана анықталмайды. Яғни саланың дамуын басқару үшін, инновацияның нарық талаптарына бейімделуін қамтамасыз ететін және инновациялық даму стратегиясын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін инновациялық даму механизмдер жүйесі құрылады. Оларға: ұйымдастыру механизмі, құрастыру және енгізу механизмі, қаржыландыру және ынталандыру механизмі, интеллектуалды меншік және технологиялық трансфер механизмі жатады. Өнеркәсіптік саладағы инновациялық үрдістердің дамуын зерттеу бір шетінен өнеркәсіп салаларының басқару жүйесіндегі тиімді инновациялық механизмдерді қалыптастыру мен жүзеге асыруға, екінші жағынан өндірістік саладағы инновациялық қызметті белсендіруге негізделген инновациялық дамуға көшу тенденцияларын көрсетеді.

Инновациялық даму – бұл тек қана негізгі инновациялық үрдіс емес, сонымен қатар оны жүзеге асыруға қажетті факторлар мен жағдайлар жүйесінің дамуы.

1-суретте инновациялық даму элементтерінің құрылымдық қарым-қатынастар сұлбасы көрсетілген. Сұлба инновациялық даму үрдісіндегі себепті зерттеулер байланысын және өндіріс саласының дамуындағы өзгерістер бағыттарын көрсетеді. Осыдан келе, инновациялық даму үрдісі қоғамның экономикалық және әлеуметтік даму үрдісіндегі ғылыми-техникалық салалардың жүйелі интеграциясын көрсетеді. Мұндай интеграция тиімді жаңалықтар ағымын тұрақтандыратын ғылыми-техникалық салаға стимул бола алатын институттар жүйесін қалыптастырады және бәсекелестікті күшейтумен қатар ғылымға негізделген өнімдер мен қызмет көрсету нарығын қалыптастырады. Нәтижесінде ұлттық инновациялық жүйе қалыптасады. Инновацияның даму концепциясы және өнеркәсіп саласындағы инновациялық үрдісті талдау нәтижесінде ғылыми-өндірістік кешенінің технологиялық дамуына әсер ететін факторлар анықталады. Бұл факторлар – жеткіліктілік, әртараптылық және парпарлық қағидаларының негізінде таңдалады. Ұлттық экономиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығы инновациялық дамуының маңызды факторы болып табылады [3].



1-сурет. Инновациялық даму элементтерінің қарым-қатынас сұлбасы

Тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдай ғылыми сиымдылығы бар салалар дамуының сыртқы ортасын қалыптастырады. Қазіргі кезде ғылыми-өнеркәсіптік кешенді технологиялық дамытудың бағыттары мен мінез-құлығын анықтауға бірнеше факторлар әсер етеді. Негізгі ішкі факторларына келесілер жатады: зияткерлік, инвестициялық және ұйымдастырушылық капитал. Аталғандардың ішінде экономиканың инновациялық дамуын

және бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ең негізгі ішкі факторларының бірі ретінде ұйымдастырушылық капиталдың ролі жоғарылады.

Ұйымдастырушылық капитал – бұл әлеуметтік институттар және экономикалық қызметтер кеңістігінде қолданылатын ережелер мен нормалар жыйынтығы. Басқа сөзбен айтсақ, ұйымдастырушылық жүйелерінде адам капиталы қалай қолданылатынын, нарықтан түскен кез-келген ақпараттың қалай қабылданатынын және іс-жүзінде қолданылатынын анықтайды.

Инновациялық дамудың үрдістерін зерттей келе инновациялық даму инновациялық модельді таңдау арқылы ғана тиімді жүзеге асырылатынын байқауға болады. Жоғарыда аталған факторлар саланың инновациялық дамуының ерекшеліктерін және оны жүзеге асырудың тиімді моделін анықтайды.

Жаңашыл өнімдер нарығында мемлекеттік сектордың белсенді дамуы барысында қолданылатын негізгі екі модельдің қысқаша сипаттамаларына тоқтала кетейік.

Өндіріс салаларының инновациялық дамуының бірінші моделі инновациялық өнімге (мемлекет атынан) тапсырыс беруші болып табылатын мемлекеттік құрылымның кең желісінің болуын көрсетеді.

Екінші модель инновациялық өнім нарығындағы мемлекеттік сегменттердің басым бағыттылығын көрсетеді. Мемлекеттік басымдылықтар және бағдарламалар жүйесінің кеңдігі шеңберінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарды мемлекет тарапынан қаржыландыруды көздейді [3].

Бұл модельдер мемлекеттік және нарықтық құрылымның өзара қарым-қатынас механизмін көрсетеді. Осыған байланысты өндіріс салаларын инновациялық дамытудың барлық факторларының қарым-қатынасын ескеретін жинақталған моделін қалыптастыру қажеттігі туындайды. Зерттеулер нәтижесінде өнеркәсіп салаларының инновациялық дамуының жағдайын және инновациялық үрдістердің дамуындағы мемлекеттің қатысуын ескертіп, кеңейтілген модель негізінде өндіріс салаларының инновациялық дамуының алғы шарты ретінде даму факторларының жиынтық моделін қалыптастыру дұрыс болып табылады. Инновациялық даму факторларының жиынтық моделі 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Инновациялық даму факторларының жиынтық моделі

Зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, қазіргі таңдағы дағдарыстан кейінгі даму барысында, елдегі инновациялық әлеуетпен инновациялық ойлауды қалыптастыру мен дамыту үрдісіне мемлекеттің қатысу қажеттігі анықталуда. Сондықтан, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өз жолдауында дамудың ең тиімді бағыты, әлемдік экономикалық қауымдастықтың барлық талаптарына сай келетін инновациялық механизм арқылы экономиканы үдемелі дамыту екендігін атап көрсетті. Жоғарыда аталған модельдерді Қазақстан тәжірибесінде қолдану мүмкіндігі туындайды.

1. Шумпетер Й. «Теория экономического развития» – М.: Прогресс, 1982.

2. Алюшин П.В. Принципы и методы инновационного развития промышленности: диссертация кандидата экономических наук: 08.00.05. - Москва, 2005.

3. Бекбасова А.Ж. Принципы и модели инновационного типа развития. Аль Пари, №1 2010.

В статье рассматриваются основные базовые принципы и внешние факторы инновационного развития производственной отрасли. А также показаны предпосылки их реализации.

In article the basic principles and external factors of innovative development of industrial branch are considered. And also has been shown preconditions of their realization.

L.M. Irgebayeva

COMPETITIVENESS OF NATIONAL ECONOMICS

Problems of regulation in the National economy

A nation's standard of living is increasingly dependent on the competitiveness of its firms. Competitiveness is vital if the nation's firms are to take advantage of the opportunities opened up for them in the international arena. World trade and foreign investment have grown faster than world output in the last several decades.

Competitiveness in industries subject to international trade and foreign direct investment can, therefore, provide substantial leverage for economic growth. This is especially true for small nations, where competitiveness can allow firms to overcome the limitations of their small home markets in order to achieve their maximum potential.

Competitiveness is also vital if a nation's firms are to guard against the threats posed by the international economy, indeed, International competition has become fiercer than ever before. Lower costs for transportation and communication, reduced trade barriers, and the spread of technology have fused to sharpen international competition. This competition has put unprecedented pressure on all national economic actors, including management, labor, and government. In an environment in which the nation's firms must improve continually in order to meet the threat from an ever-widening array of competitors, the failure of management, labor, or government to rise up to the challenge can spell out incalculable disasters for the nation's firms.

The paper focuses on future economic development of Kazakhstan. Further, the paper introduces the development key parameters of development and increase of competitiveness of the national economy. The modern market economy of the world developed countries is cemented by general functional-moving origin industrial capital that has transformed the commodity-money relations into the defining mechanism of economic development. It is thought, that increase of national competitiveness in Kazakhstan is possible only on the basis of proportional transformation of sphere of goods production, and also its database. As a result, these transformations should lead, as in all industrially developed countries, to the creation of mixed economy as the elements unity of the classical market and corporate structures. A state in this system is called to carry out the major function of the integrating element providing connection of the market subjects in the system whole. In Kazakhstan market formation is carried out on a way of privatization and privatization of rigidly centralized economy and its transformation to multistructural. It demands a special approach. It is required to add to the aforesaid that the existing technological level of the production industrial base of our country, it also imposes some peculiarities on this process. In the modern economy of Kazakhstan, formation of the competitive environment is connected with decision of some primary goals such as creation of the enterprise sector of economy, formation of organizational legal conditions to overcome monopolistic disproportions, abuse of the Leading position in the commodity markets, the prevention of unfair competition, and, at last, the elimination of artificial administrative barriers hampering equal competition. The major value for the future economic development of Kazakhstan has a basic choice between raw and technological orientation of economy. Till now the state support of technological competitive advantages of the firms in Kazakhstan was carried out by means of: restructuring of the state ownership stimulation of domestic competition of economy in Kazakhstan and weakening of pressure on producers of monopolistic factors; privatization of services sphere allowing flexibility increase [1].

Competitiveness of domestic business – main task of country's economic policy.

The competitiveness of any economy directly depends on the quality and effectiveness of business, its qualitative characteristics, competitiveness of the strategy and tactics. As the world experience shows, active